



Бал дәурен мен жастықтың театры

Театрды сүю, оның маңызы мен мәнін терең түсініп, лайықты дәрежеде қабылдай білу – ерте шақтан, ата-ананың бұл махаббатты бала бойына сіңіре білуінен басталады. Сондықтан, бүгіннен бастап театрдан қалмаңыздар



Бүгінгі санымызда кез келген көрермен үшін ыстық, көкейде балғын балалық пен жалынды жастықтың естелігі іспеттес қалып қоятын Жасөспірімдер театры туралы сөз қозғамақпыз. Өнер ордасындағы жан-жақты қамтылған бай репертуар барлық жастағы талғампаз көрерменнің көңілінен шығары анық. Сонымен қатар жас та болса, бас болып жүрген, ізденістері мен

дарындарының арқасында әр қойылымда мың түрленіп, рөлдерін майын тамыза ойнайтын актерлер құрамы да көрерменді өзіне баурап алатыны белгілі. Міне, осындай табанды еңбектерінің арқасында Ф. Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры өнер сүйер қауымға өздерін мойындата білген, лайықты деңгейде бағасын алған өнер ордаларының біріне айналып отыр.

ТАРИХҚА ҮҢІЛСЕК
ЖӨТ-ның арнайы сайтында теарт тарихы туралы мынадай мәлімет берілген: «Қазақтың балалар мен жасөспірімдер театры 1946 жылы 4 шілдеде А. Толстойдың „Алтын кілт„ пьесасы бойынша қазақ тілінде тұңғыш рет спектакль қойып, ресми түрде тұсауын кесті. Спектакльді Кеңес Одағы бойынша балалар театрының негізін қалаған дарынды режиссер Н. И. Сац қойды. Ол Қазақстандағы жеткіншектерге

арналған театрдың ашылуы мен қазақ труппасының өз алдына жеке шымылдык көтеруі жұмыстарына тікелей бел шеше араласты. 1992 жылы Ф. Мүсіреповтің 90 жылдық мерейтойы құрметіне орай театрға Ұлы жазушының есімі, ал 1996 жылы театрдың 50 жылдық мерейтойында Академиялық дәреже берілді». Театрдың өсіп-өркендеуі мен кәсіптік деңгейінің көтерілуіне Н. И. Сацтан бастап, С. Шәріпов, Т. Сидоров, Мен Дон Ук, С. Естемесова,

Г. Хайруллина, В. Пұсырманов, Е. Обаев, М. Байсеркенов, Қ. Жетпісбаев, Р. Сейтметов, Ж. Хаджиев, Н. Жақыпбай сияқты майталмен режиссерлер мол үлес қосқан. «Бүгінде, театр ұлттық сахна өнерінің ұлы көшбасшылары салған жолдағы ұлағатты да дәстүрлі үрдіс құндылықтарын сақтай отырып, жаңа шығармашылық белестерге жету жолындағы ізденіс қарымын одан әрі шыңдап келеді»-деп жазады Ағзия Көлбаева.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Ф. Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының табанды еңбегі мен жаңалыққа құмар заманауи ізденістерінің арқасында үнемі жетіліп отыратынын ерекше атап өткен жөн. Бір кездері театрдың бетке ұстар актерлері болған, бүгінде есімдері жалпақ елге кеңінен таныс актерлердің ізін баса, бүгінгі таңда театрдың жас актерлері болып қана қоймай, сонымен қатар заманауи телехикаялардың басты рөлдерін сомдап жүрген Д. Абдулина, Д. Жоламанұлы, Г. Ахатқызы, Г. Ибрагимқызы, А. Ізғалиқызы, Е. Кәрібаев, Ә. Серікқызы, М. Қайратұлы секілді жас дарындар театрдың сәні мен мәнін арттыра түсті.

ІЗДЕНІСТІҢ ЖЕМІСІ

Ф. Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театры 69-шы маусымды төрт бірдей премьерармен жапқан болатын. Олардың алғашқысы Г.Хугаевтің «Қара шекпен»

қойылымы. Режиссері – А. Маамиров. «Біз Адам деген атқа лайықпыз ба?» деген сұраққа жауап іздейтін пәлсапасы терең шығарма актерлерді де, көрерменді де бір толқытып тастады. Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы қарсаңында режиссер Ж. Хаджиев сахналаған Т. Ахтановтың «Ант» тарихи қойылымы да ешкімді бейжай қалдырмады. Келесі тұсауы кесілген туынды Ш. Құсайыновтың балаларға арналған «Алдар көсе» ертегісі болды. Режиссері – Есләм Нұртазин. Бұрынғы Алдар Көседен біршама ерекшеленген жаңа Алдар барша жас көрерменнің көңілінен шықты. Ал театр маусымын жапқан, жарқын бояулар мен қанық түстерге толы Д. Исабековтың «Құстар фестивалі» қойылымы театр әлеміне үлкен жаңалық әкеліп, бір серпілтіп жіберді. Сафуан Рысбайұлы сахналаған фарс-комедия көпке ой салып, өнер құдіретіне тағы бір бас идірді.

БҮГІНГІ ЖЕТІСТІК

Театрда жыл сайын жаңа тұсаукесерлердің, тың жаңалық-

Театрдың жаңа директоры:
Сәбит Әбдіхалықов





"Алдар көсе"



"Қара шекпен"

жылдағы тағы бір ерекшелігі, тіпті, тарихи оқиға деуге боларлық жаңалығы, кезекті мау-

сымды әдеттегідей кешкі ауысымнан емес, күндіз балаларға арналған шығармадан бастағалы отырғанында. Еркін Әбдірешовтің қиялынан туындаған «Алтын мүйізді киік» ертегісін сахналау жұмыстары басталып та кеткен көрінеді.

Бұл автордың балалар назарына ұсынып отырған 5-ші қойылымы. «Осы шығарманы театр басшылығының сұранысы бойынша жазылды деуге де болады. Бүгінгі балаларға ақыл айтқаннан гөрі ойынды ойынмен, қызықты кейіпкерлермен жеткізсең, әлдеқайда жемісті болатыны белгілі ғой. Сондықтан да өзімізге бұрыннан таныс Ши бүт, Көл тауысар, Жалпақ бас, Қыл кеңірдек, Мес қарын сияқты кейіпкерлер мен киелі Киікті басты рөлде алып, балаға ертегі арқылы табиғаттың, жердің құдіретін түсіндірмек болдым. Бір қызығы, қойылым туралы ойлап жүргенімде түс көріп, түсімде сол кейіпкерлерді, оқиға желісінің қалай өрбитінін көріп шықтым. Және соны іс жүзінде жүзеге асыруға тырыстым», - дейді Еркін Әбдірешов. Жиналған балалар тек қана көрермен болмай, арасында қойылымға

қатысып, соңында актерлермен бірге ән салуға мүмкіндік беретін бұл пьеса лайықты бағасын алады деген ойдамыз. Сондай-ақ театрдың кешкі ауысымы «Райымбек» пьесасымен ашылатынын атап өткіміз келеді.

Биыл театр актерлерінің құрамы Аян Өтепберген мен Асылхан Төлепов сынды талантты жігіттермен толықты. Сондай-ақ кезінде театрда актер болып жұмыс істеген Жұлдызбек Жұмабаев өзін режиссерлік қырынан көрсетпек. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 5 тамыздағы Жарлығы бойынша, театр директоры, Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының иегері, "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты — Әбдіқалықов Сәбит Әбдімүтәліұлы мен Қазақстан Республикасының халық әртісі Роза Әшірбекованың "Қазақстан Конституциясына 20 жыл" мерекелік медалімен марапатталуы да үлкен еңбектің бағалануы. Ал алдағы уақытта баршамыздың сүйікті театрымызға айналған Ғ. Мүсірепов атындағы қазақ академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының әлі талай жаңалығы мен жетістігіне куә боламыз деп сенеміз.

Индира Әлімжан



"Ант"

тардың болып тұруы заңды. Дегенмен, ағымдағы жыл Ғ. Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры үшін жемісті, жаңалықтар мен өзгерістерге толы болды деп толық айтуға негіз бар. 2015 жылдың сәуірінде театр басшылығы ауысып, Әбдіқалықов Сәбит Әбдімүтәліұлы директор болып сайланды. Директордың бірінші орынбасары қызметіне Есеналиев Талғат Қамқабайұлы тағайындалды. Жаңа басшылық өзінің жаңа жұмысына белсенді түрде кірісіп те кеткен көрінеді. Биыл театр үшін ерекше маусым болмақ. Себебі өнердің қара шаңырағы 14 қазанда өз есігін 70-ші жыл қатарынан айқара ашпақ. Бұл дүбірлі мерейтойды театр 2016 жылдың көктем мезгілінде тойлауды жоспарлап отыр. Әйтсе де, маусым ашыла салысымен өтетін кештер, қойылымдар мен кездесулердің барлығы осы маңызды тақырып төңірегінде өтеді. Театрдың биылғы



"Құстар фестивалі"